

3. Экология и устойчивое развитие. — 2004. — № 11 (45). — 41 с.
4. Туризм — мүмкіндігі мол сала әрі қаржы көзі // Егемен Қазақстан. — 2008. — № 95. — 3-б.
5. *Ердавитов С.Р.* География туризма Казахстана. — Алматы: Ғылым, 1992. — 332 с.
6. Проблемы туризма и охраны природы. — М., 1978. — 115 с.

ӘОЖ 911.2:81' 373.21

Д.А.Қадірбаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

### ТОПОНИМИКА — ЖЕР АТЫ ТУРАЛЫ ІЛІМ

*Топонимика изучает, анализирует совокупность географических названий, их происхождение, эволюцию, смысловое значение, распространение, повторяемость модели. Географические названия вызывают глубочайший интерес не только у ученых, в первую очередь историков, географов и языковедов, топонимика — народное творчество, создаваемое веками, а иногда и тысячелетиями.*

*The article is dedicated to research deflected mode of hinged support flat elements in dependence from variation relation depth to length. Design equations for stresses and displacements, determinant equations for function of deflection, boundary conditions are represent here. Example of uniformly distributed loading flat element analysis is show in article. The results are representing in table and graphic forms.*

Ерте заманнан бері адамзат географиялық жер аттары, оның қойылу ерекшеліктерімен қызыға шұғылданып келген. Ертедегі грек, рим тарихшылары мен географтарының еңбектерінен географиялық атаулар туралы түсініктемелер табылған. Географиялық жер аттарының қойылу, шығу ерекшеліктерімен, оның формасы, мағынасы мен грамматикалық ерекшелігі туралы зерттейтін ғылымды топонимика деп атаған. «Топонимика» грек сөзі, мағынасы «топос» — «орын, мекен», «онома» — «атауы». Ерте уақыттан бері географиялық жер атаулары адамзатқа қызмет етіп келеді, адамның экономикалық-әлеуметтік, мәдени қажеттілігін қанағаттандырып, географиялық пайымдауларын нақтылауға көмектеседі.

Топономика өзінің ізін ғылымда оның ішінде географияда, геологиялық атауларда қалдырды. Мысалы: Кембри атауы дәуірден қалған. Девон атауымен Англиядағы Девон графствосы аталған. Швеция және Франция, ГФР аралығында орналасқан тау атауына Юра берілген.

Төрттік дәуірдің де бірнеше сызбаларында бар. Оның бөлшектерге бөліну дәуірі: рисс, вюрм, шелл, эльб, эльстер, висклен, вискон географиялық атауларға байланысты.

Негізгі тау түзілу тектоникалық қозғалыстардың кезеңдері каледондық қатпарлық, грекиялық, варискуйлік және жаңа альпілік. Мұны мыналармен салыстырып көрейік. *Каледония* — латын тіліндегі Шотландия атауы; *Грециндық орман* — ежелгі рим географтарының Германиядағы тау беткейінің атауы.

Минералдардың да арасынан топономикалық атаулады көруге болады. Біразын қарастырайық: *агат* — Сицилиядағы Ахат өзенінің аты, *андезит* — Андам бойынша, *шюда мусковит* — Москва атауымен.

Келесі минералдардың шығу тегін тез анықтауға болады: *лабрадор* — Канададағы Лабрадор түбегі, *андалузит* — Испаниядағы тарихи Андализия провинциясы, *везувиан* Везувийге байланысты, *кубантик* Куба аралымен аталады.

Кенес өкіметі кезінде алынған минералдар былай аталған: азовтық, *Талан аралынан табылған, алтаит, астраханит, байклит, беломорит, виллюит және чарит.*

Метеориттердің атаулары өздерінің құлаған жеріне байланысты аталады.

Жергілікті желдердің атаулары соғатын жерлеріне байланысты аталады: *ангара* (өзен атауымен байланысты), Байкалдың оңтүстігінен соғатын суық жел, ол шығыс тау көліне жауын-шашын алып келеді. Басқада байкал желдері: *баргузин, дюизи. Баргузинге* — мекеніне байланысты, солтүстік шығыс бағытқа бағытталады; *сарма* — Сарма өзенімен аталатын Кіші теңіз бұғазы арқылы Ольхон аралына қарсы соғатын қатты жел. *Абаза* — Қара теңізге Абхазия жақтан соғатын қатал шығыс желі.

Жоңғар қақпасында суық мезгілде *иби*, немесе *эбэ*, — шығыс және оңтүстік-шығыстан қатты жел соғады. Ол жоңғардың батысындағы Эбинүр көліне байланысты аталған.

Химиялық элементтерде географиялық атаулардан бастау алады. Оған жататындар: *галлий*, *германий*, *европий*, *полоний* латын тілінен аударғанда *Polnia* — Польша, *рутени* латын тілінен *Ruthenia* — Россия. Тарихи зерттеулердің барлығы географиялық картаны оқудан басталады.

Географиялық атаудың екінші өмірінің жалғасы болып көше, аула, қилыстар, даңғылар, кенттер қала маңы немесе қалалық аудандар табылады.

Географиялық атаулардың екінші өмірі жайлы көп қызықты мәлімет келтіруге болады. Бірақ та екінші өмір жайлы айту дұрыс па? Ал бұл жерде географиялық атаулардың жалғасы туралы айтылуда. Алғашқы атаулардың өліп, екінші атаулардың өмір сүретіндігі белгілі. Петроград жоқ, бірақ Ленинградта *Петроград ауданы және петроградтық бағыт бар*. Антикалық атаулар тарихты еске түсіреді, сондай атаулар *сибирит*, *троян* аты бүгінде өмір суруде.

Кей жағдайларда атаулардың жергілікті халықтардың тілдеріне бейімделіп отырады. Жергілікті топонимдерді тікелей аудару арқылы пайда болған орыс атаулары да қызығушылық тудырды: *Жетісу* — Семиречье, *Ақсу* — Беловодское т.б. Осы сипатта халық этимологиясының өзіндік мысалдары да қалыптасты түрікше сөз *болото* — ылғалды жер, бірақ орысша *Сазановка* елді мекені *сазан* балығымен немесе *Сазанов фамилиясымен* байланыстырылады.

Қазан революциясынан кейін жаңа құрылыстардың атауын өзгерту Орта Азияны да қамтиды. Оның аумағынан жаңа атауға ие болған қалалардың, кен орындарының, елді мекендерінің, кәсіпорындарының өте көп санын байқауға болады. Бұл жерде олардың бір топонимдерінде-ақ әр тілде болғандығын айту маңызды: *Колхозабад*, *Комсомолабад*, *Сомолабад*, *Большевик*, *Октябрьское*, *Қызымиарк (Қызыл шығыс)*, *Нибет-Даг (Мұнайлы тау)*, *Янгиюль (Жаңа жол)*, *Первомайское*, *Ленинабад*.

Географиялық ғылым физика-географиялық аудандар мен ландшафт облыстарын жүйелеу, сонымен қатар әр түрлі объектілер үшін ұқсас атауларды ерекшелеу мақсатында сын есімдер мен жалғауды өсіру жолымен жүреді. Осылайша *Алай арты жотасы*, *Түркімен Қарақұмдары*, *Батыс Узбой*, *Келифтік Узбой*, *Сырдариялық Қаратау* атаулары пайда болды.

Келтірілген стратиграфиялық бағана бұдан да түсінікті болуы мүмкін. Бұл үшін Орта Азия халықтарының дамуында үлкен роль атқарған тарихи оқиғаларға байланысты түрік жиегін үш-төрт пластқа бөлу қажет: арабтардың жаулауына және исламға дейінгі түрік топонимиясы; ислам пайда болғаннан монғол шапқыншылығына дейінгі кезең; монғол шапқыншылығынан кейінгі кезең; кеңестік дәуір. Алайда бұлай бөлу үшін егжей-тегжейлі топонимиялық зерттеулер қажет.

Топонимдер адрестік қызмет атқарады, жер бетіндегі барлық объектілердің адресі бар. Географиялық атауларды адам өмірге келген кезден бастап естиді. Топонимика көптеген ғылымдармен байланысты: тарих, география, лингвистика. Себебі географиялық атауда ғасырдан ғасырға келе жатқан халық творчествосы анық байқалады. «Топонимика» сөзінің қазақша баламасын (калька ретінде) «жер аты» десе де болар еді, бірақ ол баспасөзде жер-су аттары делінеді. Топонимиканы «жер тілі», немесе «жер бетіндегі нүктелердің аты», деп те айтады. Бірақ «нүктелер» де өздерінің кеңістігі жағынан алуан түрлі. Олар микро- және макротопонимдер болып бөлінеді. Сонымен топонимиканың зерттеу аумағы жер бетіндегі нүктелермен ғана шектеліп қоймайды. Бір сөзбен айтқанда, топонимиканың зерттеуі жер бетіндегі объектілердің аттары ғана емес, жер шарынан оқшау дүниелерге қатысты. Сол үшінде «топонимика» ұғымының аясына ономастиканың мына төмендегідей пәндер тобы кіреді:

- астронимика — әуе кеңістігіндегі жарық дүниелер аттары туралы ілім;
- гидронимика — өзен, су, көл және теңіз аттары туралы ілім;
- зоонимика — хайуанаттар аттары туралы ілім;
- космонимика — галактика және жұлдыздар тобының аттары туралы ілім;
- ойконимика — үй, ауыл, туған ел аттарының қойылу жолдары туралы ілім;
- оронимика — тау аттары туралы ілім;
- урбанимика — қала, көше аттарының даму, өзгеру заңдылықтары туралы ілім;
- фитонимика — өсімдіктермен байланысты атаулар туралы ілім;
- хремотонимика — әр заман тұсындағы түрлі мекемелердің, мейрамдардың, газет-журналдардың, кинофильмдердің, пароход, поездардың және ұшақтардың аттары туралы ілім.

Іс жүзінде осы ілімдерге тән зерттеулердің бәрі топонимикалық зерттеулер деп айтылып жүр. Географиялық атаулардан ландшафтының табиғи көрінісін, жаңа жерді адамның игеруі, табиғи

байлықтар және территорияның табиғи ерекшеліктері туралы байқауға болады. Мысал ретінде *Жайық* гидронимін алайық. Өзеннің ежелгі аты — *Яйик*. XVIII ғасырдың 70-жылдардағы сол өңірдегі Пугачев бастаған шаруалар көтерілісін халық жадынан мүлде аластау үшін Ресей патшайымы II Екатерина: «Яйик атауы мүлде айтылмасын, ол өзен Орал тауынан бастау алатындықтан, Орал аталсын», — деп әмір берген. Осындай жағдайдың өзінен топонимиканың саяси-әлеуметтік жайлармен айдай ашық ұштасып жатқанын көре аламыз. Жалпы есім ретіндегі *Жайық* сөзінің жеке өзінің де көне түркі тілінде *йай* «жай» — мекен, жаз+ық, *йай+ик* қазіргі қазақ тілінде *жай-лық*, немесе *жаз-дық*, яғни, *жайлау* мағынасын білдіреді.

Кейбір гидронимдер аты бастау алған жерінен құятын жеріне дейін бірнеше рет өзгереді. Ол өтетін территория мен табиғи ортаға байланысты болады, мысалы: «Волга» өзені — Мордова тілінде «Ра», Марий тілінде — «Йул», түркі тілінде «Итиль» (Еділ), «Раскем» — Яркенддарья — Тарим, Вахджир — Пяндж — Өмудария, Матча — Зеравшан — Каракульдария.

Гидронимдер жүйесінің байлығы дәстүрлі шаруашылықтың табиғи су көздеріне негізделумен бірге анықталады. Жергілікті қазақ гидронимдерінде табиғат жағдайларына орай қалыптасатын су нысандарының ерекшеліктері (ұзындығы, тереңдігі, суының тұздылығы, режимі және т.б.) көрініс тапқан. Су көздері жөнінде толық геоэкологиялық ақпаратты төмендегі кестеден байқауға болады.

К е с т е

### Гидронимдердегі индикатор-терминдер

Гидронимдер	Индикатор-терминдер
Көл аттары (лимнонимдер)	Ащы, Балқаш, Батпак, Бидайық, Былқылдақ, Жалпак, Жалтыр, Көл, Қак, Қамыс, Қопа, Ми, Ой, Сор, Тақыр, Томар, Тұз, Шұқыр, Шығанақ, Теңіз, Татыр
Өзен аттары (потамонимдер)	Айрық, Ақсу, Аща, Ащысу, Еспе, Ирек, Кемер, Қарасу, Мұқыр, Өзек, Саға, Сай, Соқыр, Тұщысу
Бұлақ	Бұлақ, көз, құдық, қайнар, үйірім, жылға
Құдық	Апан, қауға, құдық, шыңырау
Гидрографиялық метафоралар	Ауыз, аяқ, бас, ерін, қолтық, көз, кіндік, құлақ, мойнақ, мойын

Көне дәуірден біздің уақытымызға дейін атын сақтап келген гидронимдер де аз емес. Қазақстан гидронимдері туралы құнды мағлұматтар біздің заманымызға дейінгі V ғасырдың 40-жылдарының аяғында жазылған Геродоттың «Тарих» атты еңбегінде және оның картасында *Сар* /Еділ/, *Лак* /Жайық/, *Сургис* /Ырғыз/ өзендері көрсетілген. Сондай-ақ ресми географтар Страбон мен Птоломей еңбектерінде де *Тиркан* /Каспий/ теңізі, *Яксарт* /Сырдария/, *Данкс* /Жайық/ өзендерінің аттары аталса, б.з.д. III ғасырда қытай саяхатшылары Шу, Іле, Балқаш, Ақсу, Талас өзендерін өз еңбектерінде жиі көрсеткен. Араб тарихшылар мен географтары Ибн Хордарбек, Ибн Хаукал, Әл-Истарих еңбектерінде де жүздеген өзен, көл атаулары қолданған. Әсіресе Ибн-Фадлан өзі өткен өзендер аттарын жазбаларында мол келтіреді. Мысалы: *Яган* /Шаған/, *Жем* /Ембі/, *Жахи* /Сағыз/, *Өзіл* /Ойыл/, *Иркиз* /Ырғыз/. Белгілі түркі ғалымы Махмұд Қашқари өзінің картасында көптеген көлдер мен өзендердің атауларын көрсеткен, мысалы: *Эртыш*, *Ақсу*, *Іле* т.с.с.

Көп жағдайда физикалық-географиялық нысаналар өзендер, көлдер, таулар атымен ауылдар, елді мекендер, қалалар аталады: *Арал*, *Балқаш*, *Теміртау*, *Қорған*, *Магнитогорск*, *Вологоград*. Ат берудегі психологиялық категория ол топонимнің шығу тегін, аталу себебін түсіндіреді. Бірақ бірдей белгілер Жер шарының әрбір түпкірінде кездеседі, қайталанатын. Қанша өзен суларының түсі қызғылт болып келеді? Мыңдаған қанша биік төбелер, таулар бар? Олар он мыңдаған. Әлемде қаншама таза, мөлдір көлдер бар? Олардың саны жоқ.

Топонимдік атаулардың ішінде тұрақты аттары өзгеріске жиі түспеген табиғи объектілер — оронимдер. Оронимдік атаулардың пайда болу жолдары да әр түрлі. Халықтың басынан өткен сан қилы тарихи оқиғалар, таудың географиялық орны мен табиғи жағдайы, тауды мекен еткен жануарлар мен өсетін өсімдіктер дүниесі, таудан бастау алатын өзендер, сол маңда тіршілік еткен тайпа, ру аттары сияқты жағдайлар әсер еткен.

Орографиялық кейбір терминдер сол өңірдегі оронимдердің ерекшелігінен, тұлғалық тұр-тұрпатынан белгілі бір дәрежеде мағлұмат береді. Мысалы: *Үстүрт* — Қарқаралы тауының батысындағы адыр, таудың биік, желді жағы. *Шошақ* — Теңіз ауданындағы төбе, атау төбенің биік бітіміне байланысты қойылған. *Қиялы* — Қарқаралы тауының батыс бөлігі. Бұл «қия» термині барлық түркі тілдерінде «таудың не төбенің еңіс жағын білдіреді».

Адамзат өркениеттің бірінші қадамдарынан бастап, өзін қоршаған жерлерге ат беруге тырысқаны. Бастапқыда номинация немесе атау беру үрдісі стихиялы түрде жүрді: тауларға, өзен-көлдерге, батпақтарға, елді мекендерге атау берудің жалпылай тәжірибесі де, регламентациясы да болған жоқ. Осындай үрдістің психологиялық аспектілері қандай болады? Географиялық атаулардың авторы болуға міндетті екенін қашан сезінді? Бұл жағдайда «міндетті» деп жай айтылмаған. Жалқы есімнің пайда болуының басты себебі — оның қажеттілігінде. Күнделікті еңбекте және қоршаған әлеммен қарым-қатынаста нысаналарды белгілеусіз адамға қиын болғандықтан, осы қажеттілік туындады.

Қызылтөбе (холм) қоршаған жазықтың ортасында мыңдаған жылдар бойы көтеріліп тұр. Оның бойынан су ағыны ағып жатыр. Дегенмен ұзақ уақыт бойы төбеде де атау болған жоқ. Топонимдер қажеттіліктен туындады. Сол маңайда адам пайда болды, Қызылтөбе мен ақ ағын бойында жайғасты, шаруашылығын дамытты, елді мекен пайда болды. Оларды бір-бірінен айыру керек, қай жайылым, егіндік, жайлау жайлы айтылғанын түсіну қажет — осы себептен оларға ат беру қажеттілігі де туындайды. Төбе маңындағы елді мекен *Қызылтөбе* деп, ал өзен *Ақ өзен* деп аталды. Қажеттілік принципі қазіргі таңда да сақталған. Дәлел ретінде келесі мысалдарды келтірейік. Адам тұрмайтын жерлерде топонимдер жоқ немесе жоқтың қасы. Оларға атау беретін ешкім жоқ, оның қажеттілігі де жоқ. Сусыз шөлдерде адам өмір сүрмейді, сол себепті көптеген ірі таулар, құмдар, жалғыз жартастар атаусыз қалады. Антарктиданың ішкі бөліктерінің мұздарына жақын араға дейін мүлдем географиялық атаулар болған жоқ. Жылдар, ғасырлар өтеді. Шөлдерде пайдалы қазбалар табылады. Жердің терең қойнауынан су шығады, сол маңайда адамдар пайда болады. Сәйкесінше, географиялық атаулардың пайда болуы Антарктида соңғы 50 жылда аталған мыңдаған топонимдерді айтуға болады.

Шығыс Сібірдегі Байкал-Амур магистральда шығу тегі орыстарға дейінгі топонимдерді байқауға болады: *Ангара, Чара, Удокан, Беркама, Тупа, Мама* және т.б. Орыстар бұларға өз атауларын қосты немесе өңдеді: *Нижний Ангарск, Нагорный, Известковая, Золотинка* т.б.

Географиялық объект өзіне атау бере алмайды. Бұл айдай анық. Оған атау беретін — адам. Бұндай қажеттілік туындағанда нені жетекшілікке алады? Төменде атаулардың қалыптасуы және құрылуының түрлі жолдары көрсетілген топонимдік жіктеу қарастырылған. Авторы халық болып табылатын атауларды ғана таңдайық.

В.П.Семенов-Тянь-Шанский КСРО-ның орталық ауданындағы елді мекендерінің географиялық атауларын талдау негізінде ат беру үрдісіндегі белгілі бір белгінің мәнін ашық көрсеткен: «Жалпы біздің байқауымызша, халық өзі мекендеген жеріне тән табиғи географиялық ерекшеліктерді сипаттап, оларға нақты және дұрыс атау береді. Екінші белгілі бір табиғи пейзажды көріп, ондағы таңқаларлық нысанаға дәл ат береді. Ол атқа негіз болған нысан жер бетінен жойылып кетсе де елді мекеннің атауы сақталып қалады» (1924). Міне осы себептен, РФ картасында елді мекендердің атаулары келесідей: *Каменки, Боровое, Борок, Овражки, Горки, Озерки* және т.б.

Орыс емес топономияда осыған ұқсас атаулар бар. Саратов қаласының атауының шығу тегін әркелкі түсіндіретін көптеген әдебиеттер бар. Дегенмен ең қарапайым және дұрыс тұжырым. *Саратов* «Сары тау» — «Желтые горы» түрік сөзінен Шыққан. *Нарым, Нарым өлкесі* ханты тілінен аударғанда *батпақ* деген мағананы білдіреді. Чарджау — иран сөздері: *төрт ағын, ағыс* және т. б.

Орыстардың *Черемушки, Рыбачьи, Котлы, Беловодское, Заволодное, Заозерное, Порочие, Приморское, Подгорное, Краснохолеское* және т.б. елді-мекен атаулары белгілі бір ерекшеліктеріне сай аталған. Осыған ұқсас жағдай басқа мемлекеттер де кездеседі. Грузияның астанасы — *Тбилиси* атауы ондағы көптеген *жылы күкірт сутегі* қайнар көздері негізінде аталған. Грузияның басқа қаласы *Гори төбе* сөзінен атау алған. Қаланың ортасындағы төбеде көне бекініс бар. Қазақстанда *Ақтөбе* облысының атауы *ақтөбе* мағанасын білдіреді. *Учкорган* өзбек қаласы *үш қорған* деген мағынада.

Белгілер қайталанатын, олармен қатар жалқы географиялық атауларда қайталанатын. Тек қана ТМД елдерінің аумағында жүздеген *Қараөзендер, Жаңаауылдар, Қаратаулар* және т.б. бар. Бұндай заңдылықта әлем бойынша бір қалыпты географиялық номенклатура болғаны дұрыс сияқты. Бірақ бұл жағдайда жалқы географиялық атау өзінің маңызды қызметі — мекен-жайын жоғалтады.

Кез келген мемлекеттің топономиясы өте бай және бір-біріне ұқсамайтын географиялық атаулар тізбегінен тұрады.

Географиялық атаулары құрылымның қалаптасуында біріккен сөздердің рөлі де басым. Мысалы, *Магнитогорск, Петропавл, Ақтөбе, Қызылорда, Талдықорған* топонимдері біріккен сөздерден құрылады. Шетелдік мемлекеттердің топономиясында осы заңдылыққа ұқсас. *Дюссельдорф* — Германияның ірі қаласы. *Дорф* (ауыл) *Дюссель* өзенінде орналасқан. Ағылшын қалалары: *Портленд порт + ленд* (жер), қытай топономиясында *Нанкин: нан* (оңтүстік) + *кин* (астана), *Пекин: бэй* (солтүстік) + *кин, Гуандчжау: гуан* (кең) + *чжоу* (қала). Мұнда атаулардың кең тараған модельдері келтірілген. Олардың негізінде халықтық географиялық терминдер жатыр: өзен, тау, қала, елді мекен және т.б. Бірақ топонимдерінің мазмұны бұлармен шектелмейді. Кей жағдайларда олар бастауларын этнонимдерден немесе халықтар, рулар, тайпалар атауларынан алады. Бұндай географиялық атауларды жалдай отыра, зерттеуші этника тарихы мен этнография саласына жүгінеді.

Белгілі бір халық мекендеген елді мекендердің топонимдері көп жағдайда этнонимдерге ауысады. Кейбір авторлардың айтуы бойынша, *Рязан және Арзамас* қалаларының атаулары *Рзя* халқының атымен аталған. Сонымен қатар *Армянск, Чуфут-Кале* (татарша — еврей бекінісі), *Якутск, Сочи (Соатче — Кабардин тайпасының атымен), Ханты-Мансийск, Татарск* және т.б. топонимдер этнонимді болып табылады. Петр I жотасында *Люлихарви* өткелі бар (тәжік және парсы тілінде *люли* — сығандар).

Географиялық атаулар нақты тарихи жағдайда қалыптасқан, олардың шығу тегі белгілі бір аймақты мекендеген немесе мекендейтін халықтардың қоғамдық өмірімен, тілдерімен тығыз байланысты. Тарихи жағдайлар, тілдер мен халықтар, олардың таралу аймағы ауысқанымен, географиялық атаулар өзгермейді. Сондықтан ешбір елдің географиялық номенклатурасы біркелкі болуы мүмкін емес. Ол түрлі жастағы және түрлі тілдес элементтерден құралған көп қабатты құрылым ретінде біртіндеп қалыптасады.

Халық қашанда тіршілік негізгі болып табылатын жерге үлкен құрметпен қараған. Өздері өмір сүрген өлкеде өсетін өсімдіктер дүниесіне терең мән беріп, оларды шебер пайдалана білген. Облыс жеріндегі өсімдіктер дүниесіне байланысты атаулар негізінен сол тау, төбелерде өсетін өсімдіктер дүниесіне байланысты болып келеді. Мысалы: биік тауларда қараған, қайың, терек, қарағай, арша т.б. өсетіндіктен, тау атаулары осы ағаш атауларына байланысты жасалған: *Қарағанды* — тау, *Қызылқайың* — тау, *Теректі* — тау, *Қарағайлы* — тау т.б.

Көптеген жер атаулары сияқты мал, аң шаруашылығымен түр-түске байланысты оронимдік атауларда көп кездеседі. Аң атауларына байланысты оронимдер негізінен аталған аңдардың сол өңірде мол кездесуіне байланысты қойылған, мысалы: *Бұғылы, Аюлы, Арқарлы, Қоянды, Семізбұғы, Бөрілі* т.б. Көшпелі мал шаруашылығымен шұғылдануға байланысты *қоныс, жайлау, қыстау, күздеу, құдық, қора, қотан, қос, ашық, күрке* т.б. атаулар, сондай-ақ үй жануарлары аттарынан қойылған және олармен байланысты әрекеттерді, оқиғаны білдіретін топонимдер пайда болды.

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы табиғат аясында тіршілік ете жүріп, табиғаттың сан алуан құпия сырларына көңіл бөлді. Табиғи ортаға бейімделу арқылы жер бедерін, климат ерекшеліктерін, су көздерін анықтау, өсімдік жамылғысы, жайылымдардың сипаты және басқада көрсеткіштер топонимдерде кеңінен көрініс тапты [1–6].

Пайдалы қазбалардың жергілікті топонимдерде бейнеленуінде тарихи-археологиялық, геологиялық негіздеме бар. Табиғат жағдайының қолайсыздығынан туындайтын қауіп-қатерден малды аман алып қалуда ландшафт ерекшеліктерін географиялық атауларда белгілеу арқылы жүзеге асырды. Жылдың қай мезгілі болсын ландшафттық ерекшеліктеріне байланысты төрт түлік жағдайына дұрыс баға беріп, өсімдік жамылғысының экологиясына зиян келтірмеген.

Табиғат пен адамзаттың байланысы географиялық атауларда — топонимдерде кеңінен сақталған. Нақты географиялық атаулар жергілікті жердің физикалық-географиялық және геоэкологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын құнды ақпарат болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. *Қойшыбаев Е.* Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. — Алматы, 1985.
2. *Жартыбаев А.* Қарағанды өңірі топонимдерінің мағыналық және құрылымдық сипаттары. — Қарағанды, 1998.
3. *Мурзаев Э.М.* Очерки топонимики. — М., 1974.
4. *Мурзаев Э.М.* География в названиях. — М., 1979.
5. *Сапаров Қ.Т.* Павлодар облысы топонимдерінің қалыптасуының геоэкологиялық астарлары. — Алматы, 2004.
6. *Бірмағанбетов Ә.* Бұлай деп неге атаймыз. — Алматы, 1971.